

Келісемін:

«Балдырған» бөбекжай-
бақшасының әдіскері

О.Татимова
« 11 » 08 2024ж



Бекітемін

«Балдырған» бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі:

Т.Бимырзаева
« 11 » 08 2024ж

Мақсаты: Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру. Ата-аналармен тығыз байланыста болу.

Қ/с	Тақырыбы	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жауапты
1	1. «Кел танысайық» Ата –аналармен танысу 2. Ата –аналарды 2024-2025 оқу-жылының жылдық жоспарымен таныстыру. Ата-аналар комитетін сайлау. Ата-аналармен келісім шартқа отыру, келісім шарттың міндеттерімен танысу. 3. Баяндама: «Балабақша –тәрбие бастауы» 4. Ата-аналарға арналған сауалнама «Баланың балабақшаға бейімделуі» Психофизиологиялық ерекшеліктері	Топтық ата-аналар жиналысы	Қыркүйек	Тәрбиешілер Психолог
2	1. «Денсаулығы баланың-қуанышы ананың» (Аналар мектебі) 2. «Мөлдір бұлақ» (психолог)	Дөңгелек үстел	Қазан	Ата-аналармен бірлескен жұмыс
3	1. Оқу-тәрбие жұмысындағы I тоқсанның жетістігі және кемшілігі. Мониторинг 2. Жаңа жыл мерекесіне түсіндірме жұмыстар. 3. «Ойынның бала өміріндегі маңыздылығы» (кеңес беру) (психолог)	Топтық ата-аналар жиналысы	Желтоқсан	Тәрбиешілер Психолог Медбике
4	1. «Әке-асқар тау» (Әкелер мектебі) тренинг (психолог)	Жадынама	Қаңтар	Ата-аналармен бірлескен жұмыс
5	1. Оқу-тәрбие жұмысындағы II тоқсанның жетістігі. Мониторинг 2. 8-наурыз-халықаралық әйелдер мерекесі. 3. 22-наурыз-Ұлыстың ұлы күні 4. «Балаларды қалай жаксы көру керек?», «Қарым-қатынас» сабақтары ата-аналар үшін практикалық ұсыныстар (психолог)	Топтық ата-аналар жиналысы	Ақпан	Тәрбиешілер Психолог

6	«Ою ойып,сырмақ сырған әжелер» (Әжелер мектебі)	Көрме	Наурыз	Ата-аналармен бірлескен жұмыс
7	«Атадан өсиет,анадан қасиет» (Аналар,әкелер мектебі)	Жобалау іс- әрекет	Сәуір	Ата-аналармен бірлескен жұмыс
8	1.«Құстарға ұя сыйлаймыз» (Әкелер мектебі) 2. «Тазалықты сақтайық» (көктемгі көгалдандыру жұмыстары)	Акция	Сәуір	Ата-аналармен бірлескен жұмыс
9	«Шебер әке» (Әкелер мектебі)	Қол өнер байқауы	Мамыр	Ата-аналармен бірлескен жұмыс
10	1.Оқу-тәрбие жұмысының ІІІ тоқсанындағы жетістік.Мониторинг 2.Жазғы демалысқа дайындық 3.«Гүл шоғы» тренинг (психолог)	Топтық ата- аналар жиналысы	Мамыр	Тәрбиешілер Психолог Медбике

«Балдырған» бөбекжай –бақшасы «Балбөбек» ортаңғы тобында 2024 жылдың 13 қыркүйекте топтық ата-аналар жиналысы болып өтті.

Хаттама №1

Қатысуы тиіс: 25

Қатысқаны: 21

Себептісі: 4

Күн тәртібінде

1. «Кел танысайық» Ата –аналармен танысу
- 2.Ата –аналарды 2024-2025 оқу-жылының жылдық жоспарымен таныстыру. Ата-аналар комитетін сайлау. Ата-аналармен келісім шартқа отыру, келісім шарттың міндеттерімен танысу.
3. Баяндама: «Балабақша –тәрбие бастауы»
- 4.Ата-аналарға арналған сауалнама «Баланың балабақшаға бейімделуі»
Психофизиологиялық ерекшеліктері

Тыңдалды

1. «Кел танысайық» Топ тәрбиешілері тәрбиеленушілердің ата анасымен жақын танысу барысында әрбір ата ананың пікірін тыңдап,назарға алды.Сонымен қатар тәрбиешілер де өздерін таныстырды және ата аналарды перспективалық оқу жоспарымен таныстырды,жаға оқу жылына керекті құрал жабдықтары балабақша ішіне киетін киімдері мен тағы да басқа қажетті заттардың керектігін жеткізді.
Сондай-ақ ата-аналар топ тәрбиешілеріне жұмыстарына сәттілік тіледі.Топ тәрбиешілері ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау жөнінде ұсыныс тастады. Ата-аналар түрлі пікірлерінен кейін бір ауыздан ата-аналар комитетінің төрайымы болып ата- ана Нуркенова Кундызай, мүшелері болып Төребай Акерке,Өмірбаева Айгерім, Ахметова Перизат сайланды. Ата аналар комитет құрамына сәттілік тіледі.

3.Топ тәрбиешісі Ж.Бижанов: «Балабақша –тәрбие бастауы» баяндамасы тыңдалды.

4. Психолог Г.Абдуллаева «Баланың балабақшаға бейімделуі» сауалнамасын слайд арқылы жүргізді.

Шешім етті:

1. Топ тәрбиешілерінің балаларды дамыту барысында перспективалық оқу жоспары бойынша жұмыс жүргізу жалғасын тапсын
2. Ата аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау жөнінде ұсыныс нақтыланып, жаңа комитет құрамы сайлансын
4. Дайындалған сауалнама бойынша топтық ата-аналардың жауаптарына қарай, жұмыстар жүргізілсін.

Ата аналар комитетінің төрайымы:

Хатшы:



Нуркенова Кундызай

М.Абдраманова

«Балабақша – тәрбие бастауы»

Бүгінгі күні біздегі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – мектеп жасына дейінгі балалардың білім сапасы мен тәрбие жұмысының маңызын жоғары деңгейге көтеру. Білім мен тәрбиенің алғашқы баспалдағы деп сол балабақшалардан басталады. Сондықтан адам өмірінің алғашқы қадамдарының бірі саналатын кезеңге бей-жай қарауға болмайды.

Отбасындағы ата-ананың мейірімділігінен нәр алған бүлдіршін балабақшада тәрбиешінің алдына келеді, өзіне бейтаныс ортаға тап болады. Әрине, жаңа ортаны алғашқыда жатырқаған бала оны бірден қабылдай алмайды. Сол себепті алдымен оған ерекше тәсілдерді қолданып, баланың жаңа ортаға тезірек бейімделуіне барынша мүмкіндік жасау қажет. Бұл тәрбиешінің педагогикалық біліктілігі мен балаға деген мейірімділігіне байланысты.

Қазіргі заман талабына сай еліміздің болашағы саналатын жан-жақты дамыған өнегелі, ізденісі мен біліктілігі мол жас ұрпақ тәрбиелеу керек болғандықтан осы мәселеге үлкен мән беріліп отыр. Бұл мемлекетіміздің алға қойған негізгі бағыттарында да көрсетілген. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты халыққа Жолдауында «Келесі маңызды мәселе – білім беру жүйесі туралы. Бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады. Қазақта «Ел боламын десем, бесігінді түзем» деген сөз бар. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек» деген болатын. Мемлекет басшысы жас ұрпаққа білім беру мен тәрбие ісін – ел болашағына арналған стратегиялық маңызы зор инвестиция деп бағалаған-ды.

Бұл – әр баланың толық физикалық және психикалық дамуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, балабақшадағы білім сапасын арттыру, олардың мектепте табысты оқуының негізін қалау; балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары кешенін енгізу; тәрбиеленушілердің сөйлеу дамуын қалыптастыруға ықпал ететін пәндік-дамыту ортасын байыту және жетілдіру; облыс интеграциясында педагогтердің технологияларды игеруі бөлігінде балабақша мамандарының кәсіби деңгейінің өсуін қамтамасыз ету; бірлескен тиімді қызметті ұйымдастыру және олардың білім беру процесіне қатысуы арқылы балабақшаның тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара іс-қимылын жетілдіру міндеттерін қамтиды. Балабақша ұжымы ондаған жылдар бойы табысты жұмыс істеп келеді.

Жалпы алғанда балаға білім беру мен оның тәрбиесінде ұсақ-түйек мәселе болмайды, бәр де маңызды. Сондықтан бала тәрбиесінде түрлі тәсілдер мен тәжірибені қолдануға тура келеді. Балабақшада берілетін білім мен тәрбиенің нәтижесі отбасы мен балабақша тығыз байланыста болса ғана мағыналы болып жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Соның негізінде біз бала тәрбиесі ісіне ата-аналарды да жұмылдырып, тәрбие жұмысын ортақ мақсат ретінде бірлесе жүргізуге мүдделіміз. Ол үшін тәрбиеші өз қарамағындағы балалардың отбасының жағдайын жақсы білуге тиісті. Үйдегі материалдық қана емес, моральдық ахуал қандай деңгейде?

Ата-аналарының мамандығы мен қандай олардың не жұмыс істейтіндігін де назарға алған жөн. Олардың бала тәрбиесіне деген көзқарастары қандай? Ата-аналардың бала тәрбиесіне қаншалықты мән беретінін зерттеу де артықтық етпейді. Өйткені бүгінгі нарықтық қарым-қатынас орныққан қоғамда әке-шешелер қайтқан күнде отбасымды асыраймын, баларымды жұрт қатарлы өсіріп, ешкімнен кем қылмай киіндірсем деген сияқты шаруаларымен шапқылап күнін өткізетіні жасырын емес.

Осы тұста отбасындағы бала тәрбиесіне басты мән берілмей екінші қатарға сырғиды. Өйткені ата-ананың оған деген уақыты да бола бермейді. Әйтпесе ешқандай ата-ана баласына жамандық ойламайды, керісінше, ұрпағының өзгелерден озық тұрғанын қалайтыны анық. Яғни, отбасындағы материалдық жағдай да бала тәрбиесіне әсер етеді деген сөз. Баланы үлде мен бүлдеге орағанмен, оған дұрыс тәрбие берілмесе сол материалдық шығындардың бәрі босқа кетеді. Тіпті ол кейбір кездерде ұрпағының

болашақта адами қасиеттері жоғары азамат болып қалыптасуына керісінше ықпал етуі де әбден мүмкін. Өзгелерге қарағанда қымбат киім киіп, өзге де артықшылыққа үйренген бала ертеңгі күні өмірде қиындыққа тап бола қалса бірден күйзеліске түседі. Өйткені бала жастайынан қиындыққа қарсы тұруға мүлдем бейімделмеген, дайынға үйренген. Осыған орай балаға материалдық жағдаймен қоса рухани тәрбие о бастан ауадай қажет.

Отбасындағы ата-ана мен баланың қарым-қатынасы нәтижесінде адамгершілік, эстетикалық, дене тәрбиесінің және басқа да адам бойындағы қасиеттердің алғашқы үлгілері қалыптасады. Ата-ана баласын дұрыс тәрбиелеймін десе алдымен өзінің мінез-құлқына, өміріне баға бере білуі керек. Отбасы тәрбиесіндегі кездесетін қателіктер ата-аналардың педагогикалық сауатсыздығынан және тәжірибесіздігінен болады. Сондықтан да қазіргі кезде бала тәрбиесін жүзеге асыруда тәрбиелеудің дұрыс жолын табу үшін ата-аналарға кеңес түріндегі психологиялық-педагогикалық көмек берудің ешқандай артықшылығы жоқ. Өйткені ата-аналардың бәрі бірдей педагог немесе психологтер емес. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру бағытында қазір бірқатар балабақшаларда ата-аналарға арналған кеңес жұмыс істеуде. Кеңес беру пунктінде педагог-психолог, дәрігер, дене тәрбие нұсқаушысы, музыка жетекшісі сияқты мамандар бар. Олар бала тәрбиесіндегі көптеген сұрақтар бойынша пайдалы кеңес бере алады.

Баршаға мәлім, жақсыға да, жаманға да кімде болса бала кезден үйренеді. Білім баланың ақылын толықтырса, тәрбие мінезін қалыптастырады. Ал тәрбиесіз алған білімнің пайдасы шамалы екенін ғұламалар да айтып кеткен. Ата-бабаларымыз баланы жастан тәрбиелеуге үлкен мән бергені осыған нақты дәлел.

Бала деген табиғатынан еліктегіш және әрнәрсені білсем деген құштарлығы күшті болады.

Баланың бала аты қашаннан да,

Бала сыры ғаламат аша алғанға.

Көрсем дейді, бәрін де білсем дейді,

Құштарлықтың оты бір сөнбейді... –

деп ақын жырлағанындай, оларға мына дүниедегінің бәрі қызық көрінеді. Өйткені ол әлі көп нәрсені білмейді, түсінбейді. Соны білуге, түсінуге талпынады. Мына әлемді түсіну кезеңінде балаға дұрыс бағыт беруде ата-аналар мен балабақша тәрбиешілерінің атқарар рөлі зор.

Жалпы алғанда педагогика тәжірибесінде тәрбиелеу әдістері – сана-сезіміне ықпал ету, іс-әрекетін ұйымдастыру, ынталандыру болып табылады. Сол арқылы баланың психикасына әсер етеді, оның қуанышын, өзіне деген сенімін, өмірге деген құштарлығын оятады. Ол балалар үшін қалыпты жағдай, тек соны дұрыс арнаға бұра білу керек.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті жаңартылған стандартында білім салалары деп аталатын бөлімінде негізгі бес бағыт белгіленген. Бұл бес бағыт бір-бірімен тығыз байланыста, сабақтасып жатыр. Әрине, алғашқы орында «Денсаулық» саласы тұр. Бұндағы басты мақсат баланы өз денсаулығына саналы түрде қарай білуге тәрбиелеу, қозғалыс белсенділігін арттыру және физикалық қасиеттердің қалыптасуына назар аудару керектігі айтылған. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін жалғыз балабақшаға ғана емес, стандартта осы бағыттағы отбасы тәрбиесіне де қатал талаптар қойылған. Дене тәрбиесінде жетістіктерге жету үшін ата-аналар да өз тараптарынан ықпал жасауға тиісті, балабақша тәрбиешілерімен күш біріктіру өте маңызды. Сол себептен де болар тәжірибе көрсетіп отырғандай ата-аналардың қатысуымен балабақшадағы өтетін кейбір спорттық немесе мерекелік шаралар өте қызықты болады, балаларға үлкен қуаныш сыйлайды. Олар ата-аналарының қолдауын сезініп, өздерінің қабілетті екендерін көрсетуге тырысады.

Ұстаз алдындағы басты мақсат – сапалы білім мен саналы тәрбие беру. Бұл жерде тәрбиеші-ұстаздардың оқу-тәрбие процесін қалай ұйымдастыратынына байланысты. Тәрбиеленуші мектеп табалдырығын аттауға дайын болу үшін не істеу керек? Бұл мәселені шешудің ұтымды бір жолы – қазіргі инновациялық әдіс-тәсілдерді кеңінен пайдалану. Сонымен қатар ұлттық тәрбиеге негізделген іс-шаралардың да маңызы ерекше.

Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты – оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалану.

Оқу қызметінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану балалардың оқуға деген қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін дамытады.

Біздің тәжірибемізде оқыту барысында тілдік материалды есте сақтау мақсатымен суретті символды, тірек-сызбалды жиі қолданыламыз. Әдетте кішкентай бала әріптерді танымас бұрын суреттерді, сызбаларды қолданып, сөздерді дыбыстап сөйлем құрастыруға машықтанады. Бұл әдіс ата-аналардың отбасы жағдайында да есте болғаны жөн.

Мектепке дейінгі балада есте сақтау мен қабылдауы қабілеті жоғары болатыны белгілі. Ойын-тапсырмалармен жаттығулар тілді дамытумен қатар барлық сезім мүшелерінің жұмысын, танымдық белсенділігін арттыра түседі.

Балалар кестелер мен суреттерді, белгілерді тез ұғынып, есте сақтайды. Сөйтіп өзіндік жұмыс жасауына ыңғайлы жағдай жасалады. Байланыстыра сөйлеу дағдылары шартты белгілер, суреттер, сызбалар, арқылы дамытылады. Балалардың есту, көру, ойлау қабілеттері танымдық іс-әрекеттері арқылы дамытылады.

Мектепке дейінгі кезең – баланың үлкендерге ұқсап, жеке тұлға болып өзін өзі сезінуінің алғашқы сатысы, жауапты кезеңі. Баланың мәдениетті болуы, өзгелермен қарым-қатынас жасауда дұрыс сөйлесе білуі балабақшада, отбасында алған білім мен тәрбиесіне тікелей байланысты. Біздің басты міндетіміз – баланы жан жақты дамыта отырып, оның сөздік қорларын мүмкіндігінше байытып, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Ол баланың қай тілде сөйлеуіне де байланысты.

Баланың ана тілінде таза еркін сөйлеуін мектепке дейінгі кезеңнен меңгертуге әрекет ету қажет. Бала кезден ана тілін санасына сіңірсе оны ол өмір бойы ұмытпайды. Ана тіліне кейінірек үйретілген балаға қарағанда кішкентайынан үйренгендер акцентсіз анағұрлым таза сөйлейтін болады. Өйткені қазақ тіліне ғана тиесілі кейбір ә, і, ң, ө, ұ, ү, қ сияқты әріптерді дыбыстауды о бастан үйренеді, тілі жаттығады. Бүгінгі тіл үлкен мәселеге айналып отыр. Қазір балалардың басым бөлігі өзге тілде, көбінесе орыс тілінде сөйлегенді өздеріне қолайлы санайды. Неге? Біріншіден айналасындағы үлкендер болсын, қарым-қатынастағы достары болсын өзге тілде сөйлейді. Екіншіден, телеарналар мен өзге де ақпараттық құралдардың ықпалы өте зор. Толып жатқан түрлі әлеуметтік желілер мен телевизия хабарларының басым бөлігі орыс тілінде. Қалта телефон еркіне емін-еркін тиген бала да сол өзге тілдегі ақпаратты бірден қабылдай бастайды. Бүгінгі тәжірибеден көріп отырғанымыздай, үлкендер бала жыламасын, өз ісіне бөгет жасамасын деп смартфондарды күні бойы қолына ұстатып қояды. Бұл дұрыс емес. Демек баланы ата-ана емес, телефон мен интернет тәрбиелейді деген сөз. Ал ондағы ақпапараттардың бәрі бірдей пайдалы емес, көбісінің балаға кері әсер беретінін де ескеру қажет.

Жалпы баланың тілін дамытуда мына бірмаңызды мәселелерді ұмытпау қажет: – тілді дұрыс меңгеру, ауыз екі сөйлей білу, көркемсөз үлгілерін үйрету, игерген білімдерін қолдана білу, сөздік қорын молайту, дыбыстарды анық, түсінікті айтуға үйрету.

Әрбір ұйымдастырылған оқу сабақтарын өткізуде тәрбиешінің шығармашылығы, әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалануы, оны түрлендіріп ұйымдастыруда ойындарды, мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды қолдануы балалардың қиялын шарықтатады, ойлау қабілетін кеңейтеді.

Білім беру жүйесінің барлық кезеңдерінің алдында тұрған көкейкесті мәселелерінің бірі – білім сапасын арттыру, оның әдістемесін жетілдіру, жас ұрпақтың тұлғалық ойлауын дамыту. Бүгінгі күн талабы – баланың ақыл – ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу. Білім мен тәрбие берудің әдіс-тәсілдері көп, оның жана түрлері де пайда болары сөзсіз. Бірақ мақсат біреу – еліміздің ертеніне жауапты, қуатты мемлекет құратын лайықты азаматтарды оқытып, тәрбиелеу.

Баланың балабақшаға бейімделуі

Баланың балабақшаға бейімделуі — бұл бала жаңа ортаға, яғни балабақшаға үйреніп, сол жерде өзін жайлы сезінуі үшін қажет болатын процесс. Бұл кезеңде бала көптеген өзгерістерге тап болады, оның ішінде жаңа ережелер, жаңа адамдармен танысу, ұйқы режимі мен тамақтану тәртібі, сондай-ақ әлеуметтік дағдыларды меңгеру сияқты аспектілер бар. Баланың балабақшаға бейімделуі оның психологиялық, әлеуметтік және физикалық дамуымен тығыз байланысты.

Баланың балабақшаға бейімделу процесі

1. Эмоциялық бейімделу: Баланың балабақшаға бейімделуінде эмоциялық жағдай маңызды рөл атқарады. Бала жаңа ортаға келгенде, оның алғашқы эмоциялық реакциялары, мысалы, ата-анасынан ажырау, басқа балалармен қарым-қатынас жасауды үйрену, жаңа жағдайларға көну қиын болуы мүмкін. Бұл кезеңде бала көңілсіз немесе қорқыныш сезімін көрсетуі мүмкін. Ата-ананың қолдауы, тыныштық пен сенімділік баланың эмоционалдық жағдайын жақсартуға көмектеседі.
2. Әлеуметтік бейімделу: Балабақшаға келгенде балалар жаңа әлеуметтік ортаға тап болады. Олар басқа балалармен танысып, өзара ойындар мен әрекеттер арқылы қарым-қатынас дағдыларын үйренеді. Бала бір топта болуды үйреніп, өзіне тиісті орнын табады, сонымен қатар басқа адамдармен пікір алмасу, көмек көрсету сияқты әлеуметтік дағдыларды меңгереді.
3. Физикалық бейімделу: Баланың денсаулығына бейімделуі маңызды. Балабақшадағы режим, таңғы жаттығулар, ашық ауада ойнау сияқты іс-шаралар баланың денсаулығын нығайтуға көмектеседі. Кейде балалар бұл жаңа өзгерістерге бірден бейімделе алмайды және бастапқыда шаршап, әлсіреуі мүмкін. Бұл жағдайда балаға физикалық демалыс пен тыныштық беру керек.
4. Күн тәртібіне бейімделу: Балабақшада белгілі бір күн тәртібі бар. Бұл баланың тәртібіне және күнделікті өмірінің құрылымына үйренуі үшін маңызды. Бала белгілі уақыт аралығында тамақтанып, ұйықтап, ойын ойнап, жаттығулар жасайды. Мұндай режим бала үшін жаңа болуы мүмкін, бірақ уақыт өте келе ол оны қабылдап, өмірінің бір бөлігіне айналдыруы мүмкін.
5. Тәуелсіздікке үйрену: Балабақшаға бейімделудің маңызды аспектісі — бұл тәуелсіздік. Балалар киіну, жуу, ойыншықтармен ойнау сияқты дағдыларды меңгеріп, өздеріне қажеттіні өздері істей алады. Әрине, бұл процесс балаға

уақыт пен тәжірибе қажет етеді, бірақ ол баланың өзін-өзі бағалауын арттырып, оны өз-өзіне сенімді ете алады.

Бейімделу кезеңінің белгілері:

Қиындықтар: Бала алғашқы бірнеше аптада немесе айда жылауы, ата-анасынан ажырауды қаламауы мүмкін. Кейбір балалар ұйқы мен тамақтануға қатысты қиындықтар көрсетеді.

Қорқыныш: Бала балабақшаға барудан қорқуы мүмкін, жаңа адамдар мен ережелерден үрейленуі мүмкін.

Жігерлену: Көптеген балалар бейімделу кезеңін жеңіп шығып, балабақшаға баруды қуанышпен күтеді.

Ата-аналар үшін кеңестер:

1. Балаңызға қолдау көрсетіңіз: Ата-ананың балаға балабақшада не болатыны туралы түсінікті және бейбіт түрде айтуы өте маңызды.

2. Жаңа жағдайлармен таныстыру: Балаңызды балабақшаға апарудан бір апта бұрын, балабақшаның ішкі жағдайымен, тәрбиешілермен таныстыру пайдалы болуы мүмкін.

3. Өзіндік тәуелсіздігін дамыту: Балаға үйде қарапайым тапсырмалар мен дағдыларды орындауға мүмкіндік беріңіз, бұл баланың өзін-өзі бағалау деңгейін арттырады.

4. Тыныштық пен сабырлық: Баланың бейімделу кезеңінде сіздің сабырлы болуыңыз маңызды. Балаңыздың сезімдері мен реакцияларын түсінуге тырысыңыз, оның эмоциялары үшін дұрыс қолдау көрсетіңіз.

Балабақшаға бейімделу кезеңін жеңілдетуге арналған ойындар:

Рөлдік ойындар: Балаға балабақшада болатын жағдайларды үйде рөлдік ойындар арқылы көрсету (мысалы, "балабақшаға барамыз", "тәрбиеші боламыз").

Тәуелсіздікке үйрететін ойындар: Балаға киіну немесе жинау сияқты іс-шараларды ойнап үйрету.

Топтық ойындар: Басқа балалармен бірге ойын ойнау арқылы әлеуметтік дағдыларды дамыту.

Қорытынды:

Баланың балабақшаға бейімделуі — бұл әрбір бала үшін жеке процесс. Бұл кезеңде ата-ананың қолдауы, дұрыс тәрбие және сүйіспеншілік өте маңызды. Егер балаға қолайлы жағдай жасалса, ол балабақшаға тез бейімделіп, өз дамуына қажетті дағдыларды игеріп алады.

«Балдырған» бөбекжай –бақшасы «Балбөбек» ортаңғы тобында
2024 жылдың 30 қазанда ата-аналармен жиналыс өтті.

Хаттама №2

Қатысуы тиіс: 25

Қатысқаны: 22

Себебісі: 3

Күн тәртібінде

1.«Денсаулығы баланың-қуанышы ананың» баяндама тәрбиеші:

Д.Абдраманова

2.«Мөлдір бұлақ» тренингі психолог: Г.Абдулаева

Тыңдалды

1.Тәрбиеші Д.Абдраманова «Денсаулығы баланың-қуанышы ананың» атты баяндамасында:Денсаулық-баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дүние.Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек.Дені сау баланың ақыл-ойы айқын,өз-өзіне сенімді,жан-жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бүгінгі дені сау ұрпақ-еліміздің ертеңгі болашағы.Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі демекші,қазіргі кезде дұрыс тамақтану адамның өмір сүруі мен оның денсаулығының жағдайын анықтайтын және салауатты өмір сүрудің басты факторларының бірі.

Жарыс сөз

Ата –ана К.Адырбекова: Балалардың салауатты өмір салтын қалыптастырып, күнделікті денсаулығын шынықтыра отырып, тамақтану тәртібін дұрыс ұйымдастырып,балалардың денсаулықтарын сақтай білуге жағдай жасайтынын айтты.

2. Психолог: Г.Абдулаева ата-аналармен бір-біріне қарым-қатынасын дамыту мақсатында ойын жүргізілді.Ойынға барлық ата-аналар белсене қатысты.Ойын барысында бір-біріне деген ұжымдық қарым-қатынас орын алды.

Шешім етті

1. Балалардың денсаулығын ата-анамен бірлесе отырып нығайту жолдары жалғасын тапсын
2. Топтың жас ерекшелігін ескере отырып, түрлі тақырыпта тренингтер өткізу психолог: Г.Абдулаева тапсырылсын.

Ата аналар комитетінің төрайымы:

Хатшы:



Нуркенова Кундызай

М.Абдраманова

Денсаулығы баланың- қуанышы ананың

Денсаулық – баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дүние. Ол жақсы болу үшін не уақытты, не күш – жігерді, не еңбекті, тіпті барлық дүниені аямай жұмсау керек. Денсаулық – адам өміріндегі ең жоғары бағалы дүние болғандықтан, әр адам баласы өз денсаулығына көңіл бөлді қажет, үнемі денсаулықты күтіп, оның қорын көбейтіп отыру керек. «Денсаулық – ол зор байлық» деп бекер айтылмаған. Денсаулық адам өмірінің негізі, тірегі. Денсаулығы нашар адам қоғамда да, отбасына да жайсыз екені белгілі. Адам өз мақсатын денсаулықтың арқасында ғана жүзеге асыра алады. Дегенмен, әрбір адам өмірінде әдеттегі тіршілікпен өз денсаулығына атүсті қарап, профилактикалық тексеруде кейінге қалдырып, күнделікті маңызды мәселермен айналысу орын алады. Бүгінгі таңдағы халықтың алға қойған асыл мұраты – көзі ашық, көкірегі ояу, дені сау ұрпақ тәрбиелеу. Алайда, жас буынның адамгершілік қасиеті мен дене тәрбиесі қатар ұштасып жатса, бұл – ұлт болашағы үшін баға жетпес байлық екені сөзсіз. Бүгінгі дені сау ұрпақ – еліміздің ертенгі болашағы. Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі демекші, қазіргі кезде дұрыс тамақтану адамның өмір сүруі мен оның денсаулығының жағдайын анықтайтын және салауатты өмір сүрудің басты факторларының бірі. Денсаулық – әлеуметтік байлықтың негізі, сондықтан оны сақтап, нығайтуға барлық жағдайлар жасалуда. 12 жылдық мектептегі білім беру үдерісін ұйымдастыру ерекшелігі – психикалық және физикалық дені сау тұлғаны дамыту. Оқу – тәрбие үдерісін ұйымдастыруда дені сау бала оқу процесіне белсене араласады, әрдайым жайдары, көңіл- күйі жоғары болады деген принципті ұстанып, әр баланың денсаулығына нұқсан келтірмей, аялай отырып оқыту міндеттеледі. Қай жағдайда болмасын мақсатқа жетуге денсаулықтың алар орны дара. «Денсаулық – зор байлық», яғни денсаулық мықты болса, оған білім мен біліктілікті қоссақ, адам баласы алмайтын қамал болмайды. Адам денсаулығы күнделікті күйбең тіршілігіміздің, өміріміздің, кәсібіміздің тиімді – тиімсіздігіне байланысты. Денсаулықты сақтау, қалпына келтіру мәселесін бүгінгі білім беру жүйесінде түгелімен шешу мүмкін емес. Дегенменде денсаулық сақтау технологияларын пайдалана отырып, жақсартуға болады. Әр тәрбиеші өз іс- әрекетінде дені сау адамның мүмкіншілігінің зор екенін, денсаулық ең құнды байлық екенін ескертіп және де салауатты өмір салтын ұстануға баланы бейімдеуі керек. Ата – анамен бірлесе отырып, баланың оқуына, рухани, физиологиялық дамуына көмек жасауын ұйымдастыру керек. Қазіргі денсаулық сақтау мәселелері көп. Балалармен бірге жеке денсаулығын сақтау және дамытуда:

- Дене саулығы;
- Психикалық денсаулығы;
- Неврологиялық аурулардың білінуі;
- Әлеуметтік дезадаптация;
- Сөйлеудің дамуы. Жазғы демалыс уақытында балалар демалысы мен сауықтырылуын қамтамасыз ету барысында балалардың денсаулығын нығайту мен сақтауға ықпал етуші факторлар:

1. Демалыс жағдайының қауіпсіздігі;

2. Сапалы медициналық қызмет көрсету;
3. Күн тәртібінің жүйелілігі;
4. Денсаулықты нығайтуға бағытталған дұрыс тамақтандыру;
5. Демалыс уақытының дұрыс бөлінуі мен тиімділігі;
6. Қозғалыс белсенділігінің тиімділігі;
7. Салауатты өмір салтын қалыптастыру;
8. Адам ағзасының қажетті қоректік заттармен қамтылуы;
9. Ағзаның өсуі мен дамуының көрсеткіштерін бақылау мен байқауға, дамытуға ата – аналарға арналған алғашқы медициналық салауаттылық лекциялар дайындау, оқу;
10. Жас ата – аналармен жұмысты нығайту;

Сондай

ақ:

- Зиянды заттардың адам организмне, болашақ ұрпағына әсер туралы;
- Дүние жүзі денсаулық сақтау ұйымының адам организміндегі зиянды факторлармен күресу;
- Күнделікті тұрмыста пайдаланатын химиялық заттардан сақтану, балаларды қорғау;
- Ауырған кезде дәрі – дәрмектерді шамадан тыс көп пайдалану т.с.с. тақырыптарда сабақ өтілуі тиіс.

Білім беру жүйесінде қолданылатын денсаулық сақтайтын технологияларынан денсаулықты қорғауға қатысты әр түрлі әдіс – тәсілдерді айқындауға

болады:

- медициналық – гигиеналық технологиялар
- дене шынықтыру денсаулық сақтайтын технологиялар
- экологиялық денсаулық сақтайтын технологиялар – өмір сүру қауіпсіздігін қамтамасыз ететін технологиялар
- денсаулық сақтайтын оқыту технологиялары
- оқу – тәрбиелік технологияларына оқушыларда денсаулық сақтау мәдениетін қалыптастыру, өзінің денсаулығын күту сауаттылығы жөнінде оқыту, салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыру.

Бұл мақсаттардың орындалуы келесі білім беру үрдістерге байланысты:

- санитарлық ережелерге сай оқу үрдісінің тиімді ұйымдастырылуы;
- балалардың қимыл – қозғалыс белсенділігінің тиімді ұйымдастырылуы;
- салауатты өмір салты және денсаулық құндылықтары қалыптастыру жөнінде жүйелі жұмыстар.

Міне осы мәселелер төңірегінде қоғам болып қолға алып, бірлесе жұмыстану қажет. Адам денсаулығын сақтау мәселелерінде жалпы өзінің организмінде болып жатқан өзгерістерді тыңдап, түсініп, қалпына келтіру әр саналы адамның ісі.

«Балдырған» бөбекжай –бақшасы «Балбөбек» ортаңғы тобында
2024 жылдың 18 желтоқсанда ата-аналармен жиналыс өтті.

Хаттама №3

Қатысуы тиіс: 25

Қатысқаны: 20

Себептісі: 5

Күн тәртібінде

- 1.Оқу-тәрбие жұмысындағы І тоқсанның жетістігі және кемшілігі.
Мониторинг
- 2.Жаңа жыл мерекесіне түсіндірме жұмыстар.
3. «Ойынның бала өміріндегі маңыздылығы» (кеңес беру) психолог

Тыңдалды:

1.Топ тәрбиешісі Ж.Бижанова оқу-тәрбие жұмысындағы І тоқсанда өтілген іс-әрекет барысындағы әр баланың жеткен жетістіктерін айтты.Қыркүйек айындағы мониторинг нәтижесімен таныстырды. Жыл басындағы көрсеткіші төмен балалардың қазір біршама дәрежеге көтерілгенін айтты.

2.Тәрбиеші Д.Абдраманова «Қош келдің ,Жаңа жыл!» атты ертеңгіліктің іс-шараларымен, сонымен қатар ұл-қыздардың жаңа жылға билейтін билерімен,оларға маскарадтық киімдердің керек екендігі жөнінде хабарлама жасады.

Пікір: Ата-ана Ш.Мырзалиева: Жаңа жылдық мерекенің өз дәрежесінде, балаларға думанды кеш сыйлау үшін маскарадтық киім кигізуге ат салысамыз. Ата-аналар бір ауыздан жаңа жылдық мерекеге сәйкес киетін костюмдерін өздері дайындайтынын айтты.

3. Психолог: Г.Абдулаева «Ойынның бала өміріндегі маңыздылығы» тақырыбында кеңес берді. Әр ата- ана өз ойларын білдіріп,ортаға салды.

Шешім етті:

1. Бала үлгерімінің жоғарлауына ата-ана да өз үлесін қосу жалғасын тапсын.
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктегі маскарадтық киімдерін ата-аналар ұйымдастырылсын
3. Ата-анамен дұрыс қарым-қатынас орнату барысында жұмыс жасау психолог: Г.Абдулаеваға жүктелсін.

Ата аналар комитетінің төрайымы:

Хатшы:



Нуркенова Кундызай

М.Абдраманова

Ойынның бала өміріндегі маңыздылығы

Ойынның бала өміріндегі маңыздылығы өте үлкен. Ойын — баланың дамуының негізі, оның физикалық, әлеуметтік, психологиялық және когнитивті аспектілерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Балалар ойын арқылы әлемді таниды, өз эмоцияларын түсінеді, қоршаған ортамен байланыс орнатады, және тұлғалық даму процесін бастайды.

Ойынның бала өміріндегі маңыздылығы:

1. Эмоционалды дамуы: Ойын балаға өзінің эмоцияларымен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Ойнау кезінде бала қуаныш, қорқыныш, ашу сияқты сезімдерді білдіре алады. Бұл эмоционалдық тәжірибе баланың өз сезімдерін түсінуге және олармен жұмыс істеуге көмектеседі. Сонымен қатар, ойын баланың стресстік жағдайларда тынышталуына, өз-өзін басқаруға да ықпал етеді.
2. Әлеуметтік дағдыларды дамыту: Ойын балаларға басқа адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын үйретеді. Олар ойын барысында бір-бірімен келісімдер жасап, кезек күтуді, ережелерді сақтауды үйренеді. Ойын арқылы бала достар табады, өз эмоцияларымен бөліседі және басқа балалармен қарым-қатынас орнатуды игереді.
3. Когнитивті даму: Ойын баланың ойлау қабілетін дамытуда үлкен рөл атқарады. Балалар әртүрлі ойындар арқылы жаңа ақпарат алады, шығармашылық ойлауды дамытуға мүмкіндік алады. Бұл кезеңде балалар түрлі тапсырмалар мен мәселелерді шешу арқылы логикалық ойлау, себеп-салдар байланыстарын түсіну, және дүниетанымдарын кеңейту мүмкіндігіне ие болады.
4. Физикалық даму: Белсенді ойындар баланың моторикасын және физикалық дамуын жақсартады. Жүгіру, секіру, шарларды лақтыру сияқты қозғалыстар бала денесінің барлық бұлшық еттерін жұмыс істетіп, үйлесімділікті жақсартады. Бұл балалардың денсаулығына, төзімділігіне және күш-жігеріне жағымды әсер етеді.
5. Тәуелсіздік және өзін-өзі бағалау: Ойын баланың тәуелсіздігін арттырады. Бала ойын кезінде өз еркімен шешімдер қабылдап, өзіне сенімділік арттырады. Бұл дағды болашақта оның өмірде жауапкершілік алып, жеке тұлға ретінде дамуына ықпал етеді.
6. Шығармашылық дамуы: Рөлдік ойындар мен конструктивті ойындар балалардың шығармашылық ойлауын дамытады. Мысалы, бала әртүрлі кейіпкерлерге айнала отырып, өзін ертегілерде немесе болашақта жасағысы

келген іс-әрекеттерде сынайды. Бұл ойлау қабілетінің кеңеюіне, жаңа идеялар мен мүмкіндіктердің пайда болуына әсер етеді.

7. Қиындықтарды жеңу дағдылары: Ойын кезінде бала қиындықтарды жеңуге, мақсатына жетуге үйренеді. Жоғалған ойыншықты табу немесе белгілі бір мәселені шешу кезінде қиындықтарды жеңу үшін жауапкершілікті мойнына алады. Бұл дағды кейінгі өмірінде кездесетін түрлі қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

8. Тіл дамыту: Ойындар кезінде бала көптеген жаңа сөздер үйренеді, сөйлеу дағдылары дамиды. Рөлдік ойындар, мысалы, дәрігер болып ойнау немесе дүкен ойнау балаға тілдік дағдыларды жақсартуға мүмкіндік береді. Балалар ойын барысында өз ойын жеткізуге, сұрақ қоюға, жауап беруге және диалог жүргізуге дағдыланады.

Ойынның түрлері және олардың бала дамуына әсері:

Рөлдік ойындар: Балалар әртүрлі кейіпкерлер мен жағдайларды ойын барысында меңгеріп, өз сезімдері мен тәжірибелерін көрсетеді. Бұл ойнау кезінде олар әлеуметтік дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Конструктивті ойындар: Лего немесе құрылыс блоктарымен ойнау балаға шығармашылық ойлауды, логикалық және кеңістіктік дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Белсенді ойындар: Жүгіру, секіру, доп ойнау сияқты физикалық ойындар баланың қозғалыс дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Когнитивті ойындар: Жұмбақтар, пазлдар, санау мен жазуды үйрететін ойындар баланың ойлау қабілетін арттырады.

Қорытынды:

Ойын баланың барлық аспектілерін дамытуға ықпал етеді. Бұл тек көңіл көтеру ғана емес, бала өміріндегі ең маңызды білім алу және дағдыларды қалыптастыру тәсілі. Ойнау арқылы бала өзін, айналадағы әлемді таниды, және бұл оны болашақта толыққанды, өз-өзіне сенімді адам болуға дайындайды.

Баланы жақсы көру

(ата-анаға кеңес)

Баланы жақсы көру — оның дұрыс дамуы үшін өте маңызды. Бірақ оны жақсы көру тек сөздермен емес, нақты әрекеттермен де көрсетілуі керек. Әр бала ерекше, және әрқайсысының сүйіспеншілік пен қолдауға деген қажеттілігі әр түрлі болуы мүмкін. Дегенмен, жалпы алғанда, баланы жақсы көрудің бірнеше маңызды тәсілдері бар:

1. Сүйіспеншілікті білдіру:

Баланы жақсы көру сөздер мен қимылдар арқылы көрсетілуі керек. Баланың жанына жақын болып, оған жылы сөздер айту, құшақтау, сүйісу – бұл балаға сенімділік және қауіпсіздік береді.

Баламен сөйлескенде, оның көздеріне қарап, оған көңіл бөліңіз. Осылайша, бала өзіне деген махаббатты сезінеді.

2. Уақыт бөлу:

Баламен бірге уақыт өткізу — оның өміріндегі маңызды нәрсе. Әсіресе күнделікті істерге бөлінетін уақыт болмаса да, әңгімелесіп, бірге ойнау немесе табиғатқа серуендеуге бару баланың өзін бағаланғанын сезінуіне көмектеседі. Бірге уақыт өткізудің маңыздысы — бұл сапалы уақыт болуы тиіс. Баланың барлық назарын аударып, телефонын және басқа алаңдатқыштарды алып тастап, бірге болу маңызды.

3. Қолдау және түсіністік:

Баланың эмоцияларына түсіністікпен қарау өте маңызды. Егер бала қайғылы немесе қуанышты болса, оны түсініп, көңілін сұрау қажет. Бала өзін жақсы сезінбеген кезде оған қолдау көрсету — бұл оның өзіндік құндылығын арттыруға көмектеседі.

4. Шекаралар мен ережелер орнату:

Жақсы көргенмен, баланың тәртібі мен шекараларын анықтау да маңызды. Бұл оған қауіпсіздік сезімін береді және өмірде дұрыс шешімдер қабылдауға көмектеседі. Балаға дұрыс пен бұрысты ажыратуға көмектесіңіз.

Әрине, ережелер қатал болмауы керек, бірақ олар анық және түсінікті болуы қажет.

5. Баланың жеке тұлғасын құрметтеу:

Баланы жақсы көру — бұл оның өз пікірі мен сезімдерін тыңдауды білдіреді. Балаға өз ойларын айтуға мүмкіндік беріңіз және оның пікірлерін құрметтеңіз. Баланың қызығушылықтары мен қабілеттерін түсініп, оған қолдау көрсетіңіз. Баланың өз армандарын қууға деген талпынысына ынталандырыңыз.

6. Күлімсіреу және оң көзқарас:

Баланың бойында оң эмоциялар қалыптасу үшін күлімсіреу маңызды. Оған қуаныш сыйлап, әрбір жетістігін мадақтау керек. Әсіресе бала алғаш рет бірдеңе үйреніп жатса, оны мақтап, өз жетістіктерін атап өтіңіз.

7. Жақсы үлгі болу:

Баланың дұрыс тәрбие алуында ата-ананың үлгісі үлкен рөл атқарады. Баланы жақсы көру тек оның жақсы мінез-құлқын мадақтау ғана емес, өзіңіздің дұрыс әрекет жасауыңызбен де көрсете аласыз.

Егер бала сіздің шын жүректен сүйіспеншілікпен, сабырмен және құрметпен әрекет етіп отырғаныңызды көрсе, ол да солай әрекет етеді.

8. Еркіндік пен жауапкершілік беру:

Балаға белгілі бір еркіндік беру оны құрметтеу екенін білдіреді. Ол өзінің шешімдерін қабылдауға мүмкіндік алады, бірақ оған тиісті жауапкершілікті де түсіндіру керек.

Жеке кеңістікті құрметтеу де маңызды. Балаға оның жеке ойлау, сезіну және әрекет ету құқықтары бар екенін түсіндіріңіз.

9. Қорғаныш және қауіпсіздік:

Баланы жақсы көру оны әрқашан қорғау дегенді білдіреді. Физикалық қауіпсіздік пен эмоционалдық қолдау балаға сенімділік береді.

Баланың қорғаныш сезімін нығайту үшін оны өмірде қиын жағдайларға дайын ету қажет. Мысалы, оны әртүрлі өмірлік жағдайларда қиындықтарды шешуге үйрету.

10. Қателіктеріне шыдамдылық көрсету:

Баланың қателіктерін қабылдап, олардан сабақ алуына көмектесіңіз. Қателіктер — бұл даму процесінің бөлігі.

Бала жасаған қателіктері үшін оны жазалаудың орнына, оның дұрыс әрекет жасауын қолдап, қиындықты қалай жеңу керектігін үйретіңіз.

Қорытынды:

Баланы жақсы көру — оның дамуы мен тәртібінің негізі. Оған сүйіспеншілік көрсету тек эмоционалды жақындықты арттыру ғана емес, оның өзін-өзі бағалауын көтеруге, дұрыс тәрбие алуға және өмірде өз орнын табуға көмектеседі. Әр балаға тек сүйіспеншілік қана емес, сонымен қатар түсіністік, құрмет және қолдау қажет екенін ұмытпаңыз.

«Балдырған» бөбекжай –бақшасы «Балбөбек» ортаңғы тобында
2025 жылдың 21 ақпанда ата-аналармен жиналыс өтті.

Хаттама №4

Қатысуы тиіс:25

Қатысканы:20

Себепті: 5

Күн тәртібінде

- 1.Оқу-тәрбие жұмысындағы ІІ тоқсанның жетістігі. Мониторинг
- 2.8-наурыз-халықаралық әйелдер мерекесі.
- 3.22-наурыз-Ұлыстың ұлы күні
- 4.«Балаларды қалай жақсы көру керек?»,«Қарым-қатынас» сабақтары ата-аналар үшін практикалық ұсыныстар (психолог)

Тыңдалды:

1.Топ тәрбиешісі Ж.Бижанова оқу-тәрбие жұмысындағы І тоқсанда өтілген іс-әрекет барысындағы әр баланың жеткен жетістіктерін айтты. Жыл басындағы көрсеткішке қарағанда балалардың даму деңгейі жоғары дәрежеге көтерілгенін айтты.

2. Топ тәрбиешісі Ж.Бижанова 8-наурыз-халықаралық әйелдер мерекесі мен Наурыз мейрамы аталып өтілетінін жөнінде айтылды.Балалардың айтылатын тақпақтарын,би номерлерін,айтатын әндері бөліп берді.Жеткіліксіз болып тұрған киімдерге көмектесуін өтінді.

4.«Балаларды қалай жақсы көру керек?», «Қарым-қатынас» сабақтары ата-аналар үшін практикалық ұсыныстар тақырыбында айтты. Әр ата- ана өз ойларын білдіріп,ортаға салды

Шешім етті:

1. Балалардың тәрбиесіне көңіл бөлу, бірлесіп жұмыс жасау жалғасын тапсын
2. Наурыз мейрамының ертеңгіліктегі киімдерін ата-аналар ұйымдастырылсын
3. Ата-анаман баланың қарым –қатынасы жалғасын тапсын

Ата аналар комитетінің төрайымы:



Нуркенова Кундызай

Хатшы:



М.Абдраманова